



2024 жылдың 01 қазанға


**Қазақстан Республикасының
банк секторындағы Жұмыс
істемейтін несиелер жағдайына шолу.**



**ПРОБЛЕМАЛЫҚ КРЕДИТТЕР ҚОРЫ
САТЫП АЛУ. БАСҚАРУ. САТУ.**

2024 жылдың 1 қазанға елдің 21 екінші деңгейлі банктерінің несиелік портфель көлемі **33 359,9 млрд теңгені** (жиынтық активтердің 57,4%) құрады. Оның ішінде жұмыс істемейтін несиелік (NPL) көлемі **1 074,4 млрд теңге**, немесе жалпы несиелік портфельінің **3,2%** құрады (2024 жылғы 1 қыркүйекке – 33 024,4 млрд теңге немесе 57,1%).

ҚР банк секторының жұмыс істемейтін несиелік деңгейінің динамикасы



Қарыз алушылар санаты бойынша жұмыс істемейтін несиелердің ең үлкен көлемі **жеке тұлғаларға** келеді – 759,4 млрд теңге немесе 71% (01.09.2024 ж. – 740,3 млрд теңге).



Шағын және орта бизнеске – 314,7 млрд теңге немесе 29% (01.09.2024 ж. – 254,6 млрд теңге).

Жұмыс істемейтін несиелердің ең аз көлемі **заңды тұлғаларға** келеді – 0,4 млрд теңге (01.09.2024 ж. – 45 млрд теңге).

01.09.2024 ж.
NPL құрылымы

01.10.2024 ж.
NPL құрылымы

■ Заңды тұлғалар ■ ШОБ ■ Жеке тұлғалар




Екінші деңгейлі банктер бөлінісінде жұмыс істемейтін несиелердің ең үлкен көлемі **«KASPI BANK» АҚ** келеді – 275 млрд теңге немесе несие портфелінің 5%.

Әрі қарай неғұрлым ірі NPL көлемі келесі банктерге келеді:

- **«Қазақстан Халық Банкі» АҚ** – 249 млрд теңге (*несие портфелінің 2,3%*);
- **«First Heartland Jusan Bank» АҚ** – 106 млрд теңге (*несие портфелінің 8%*);
- **«Еуразиялық банк» АҚ** – 100 млрд теңге (*несие портфелінің 6,6%*);
- **«Bereke Bank» АҚ** – 94 млрд теңге (*несие портфелінің 6,8%*).


Жұмыс істемейтін несиелердің ең үлкен көлемі бойынша 5 банк



Сонымен бірге несиелер портфеліндегі жұмыс істемейтін кредиттердің ең жоғары үлесі «**ВТБ Банк**» **ЕБ АҚ** келеді – 9,8%.

Әрі қарай несиелер портфелінде жұмыс істемейтін кредиттердің ең жоғары үлесі келесі банктерге келеді: «**Нұрбанк**» **АҚ** (9,6%); «**First Heartland Jusan Bank**» **АҚ** (8,0%); «**Bereke Bank**» **АҚ** (6,8%) және «**Home Credit Bank**» **АҚ** (6,7%).

Жұмыс істемейтін несиелердің ең жоғары үлесі бойынша 5 банк



Деректер көзі: nationalbank.kz
 материалды «Проблемалық кредиттер қоры» АҚ
 Корпоративтік даму департаменті дайындады